«Инновациялық Еуразия Университетінің Екібастұз Колледжі» ЖШС
ТОО «Экибастузский Колледж Инновационного Евразийского Университета»

КЕЛІСІЛДІ:
№23 мектепке дейінгі гимназия
меңгерушісі
_____ Б.Е.Темирова
«___» 03 2022 ж.

БЕКІТЕМІН:
Директордың оқу
өндірісі жөніндегі орынбасары
_____ Л.Е.Хамитова
«___» 05 2022 ж.

Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін
«BABY SKILLS»
(балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионатының

ЕРЕЖЕСІ

Екібастұз ИнЕУ колледжінің ұйымдастыруымен «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» мамандығының апталығы шеңберінде қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін «BABY SKILLS» (балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионатының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. ИнЕУ Екібастұз колледжінің ұйымдастырылуымен **«BABY SKILLS»** (балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионаты қалалық балалар бақшасы бүлдіршіндері арасында өткізіледі.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» мамандығының циклдік әдістемелік комиссиясы, №23 мектепке дейінгі гимназиясы болып табылады.

1.1. Мақсаты мен міндеттері

1.1.1. Чемпионаттың Мақсаты:

-кәсіптер туралы ерте түсініктерді қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалар үшін олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімін жан-жақты бағалау;

-кішкентай балаларды еңбеккорлыққа, дәлдікке және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу;

1.1.2. Чемпионаттың міндеттері:

-мектепке дейінгі жастағы балаларда әртүрлі мамандықтарға танымдық қызығушылықты, олардың маңыздылығы, негізгі еңбек әрекеттері туралы идеяларды қалыптастыру;

-балаларды қызықтыратын мамандықта қарапайым кәсіби дағдыларды дамытуға қолдау көрсету;

-өздік жұмыс дағдыларын жетілдіру;

-мектеп жасына дейінгі балаларды кәсіптік бағдарлаудың ерте нысандарын жүзеге асыруда педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

2. ЧЕМПИОНАТ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- Чемпионатқа қатысушылар ересек адамның (педагог, ата-ана) сүйемелдеуімен қатысуды көздейді;
- Чемпионатқа мемлекеттік тілде оқытатын балабақшалардан мектеп алды топтарынан бүлдіршіндер қатыса алады;
- Қатысушыны тіркеуді тәлімгер толтырған өтініш негізінде арнайы бланкты толтыру арқылы жүзеге асады (Қосымша 1)

3. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Чемпионат қалалық № 23 мектепке дейінгі гимназия базасында өткізіледі

Өткізу күні: 2022 жылғы 10 наурыз

Тіркеу: сағат 9.30-дан 10.00-ге дейін

3.2. Чемпионатты ұйымдастырушы ИнЕУ ЕКібастұз колледжі балабақшаның дайындық топтарының педагогтарын чемпионат тәртібі және оны өткізу шарттары туралы алдын ала хабардар етеді.

3.3. Чемпионатты ұйымдастырушылар кемінде 10 күн бұрын чемпионатты өткізу туралы ақпарат пен ережені №23 мектепке дейінгі

гимназия балабақшасының ресми сайтында «Интернет» желісінде, Instagram беттерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

3.4. Чемпионат 2 турда өткізіледі:

3.4.1. Іріктеу кезеңі. Чемпионатқа қатысушылар өтінімдерін қабылдау, қатысушылар санын қалыптастыру.

3.4.2.Чемпионатты өткізу кезеңі. Қатысушыларды сайыс күні тіркеу, №23 мектепке дейінгі гимназия балабақшасы базасында өтетін сайысты ұйымдастыру (Қосымша 1).

3.4.3. Үздік қатысушыларды анықтау, жұмыстарды талдау, марапаттау.

3.4.4. Ұйымдастырушы қатысушыларды тапсырманы орындау және дайын жұмысты көрсету үшін қажетті жиһазбен (үстелдер, орындықтар), қажетті жабдықтармен және материалдармен (тапсырмалардың мазмұнына сәйкес) қамтамасыз етеді.

4. ЖҰМЫСТЫН МАЗМҰНЫ

«BABY SKILLS» (балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионаты келесі модульдерден тұрады:

I модуль «Жас құрылысшы»

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру процесіне Lego-құрастыруды мақсатты түрде енгізу (анимация)

Тапсырма: «Менің қиялымдағы үйім» тақырыбында лего-конструкторлардан берілген уақыт ішінде үйді құрастырып шығу. **(5-7 мин)**

II модуль. «Кішкентай аспаз»

Мақсаты: Дастархан мәзірін дайындау, күнделікті өмірде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру арқылы кәсіби бағдар беру. **(видео)**

Тапсырма: Бұл кезеңде қатысушылар өз қиялына сүйене отырып, бір тамақ түрін әзірлейді. Жасалатын тамақ түріне байланысты қажетті құрал-жабдықтарды дайындау. Әр қатысушы өз тағамдарын толық дайындап, әділ-қазыларға тапсырылады. Тағамдар жасалу реттілігі, ерекшелігіне қарай бағаланады. **(5 мин)**

Сергіту сәті: спорттық эстафета (дене шынықтыру жетекшісі ұйымдастырады).

III модуль «Нағыз өнер-қолөнер»

Мақсаты: Қазақ халқының қолөнері жайында түсінік қалыптастыру. Халқымыздың көне мұраларын насихаттау.**(видео)**

Тапсырма: Ұлттық бұйымдар бейнеленген қалып (форма) беріледі. Қатысушылар өз қиялына байланысты тұзды қамырдан ұлттық бұйымдар жасап, әшекейлейді. **(5 мин)**

IV модуль «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балалардың таным және ойлау қабілеттерін жетілдіре отырып, мамандықтардың түрлеріне байланысты қарапайым дағдылар қалыптастыру, еңбек етуге талпыныстарын, қызығушылықтарын арттыру, ересектердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Тапсырма: Қатысушылар мамандыққа байланысты карточкаларды таңдайды. Ортада арнайы қорапқа салынған мамандыққа байланысты құралдар болады. Әр қатысушы таңдап алған карточкасындағы мамандығына

байланысты құрал-жабдықтарын іріктеп, сол мамандық жайлы қысқаша айтып береді. **(5-7 мин)**

5.ЧЕМПИОНАТТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Қатысушылардың әр құзыреттілікте жұмыстарының орындау нәтижелері бойынша жеңімпаз анықталады.

5.2. Барлық қатысушылар номинациямен және естелік кәдесыйлармен марапатталады.

6. ЧЕМПИОНАТТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

6.1.Қазылар алқасының құрамына ИНЕУ Екібастұз колледжінен директордың өндірістік оқыту бойынша орынбасары, колледж әдіскері, балабақшаның әкімшілік өкілдері және ата-аналар кіреді

6.2.Қазылар алқасы жұмыстарының орындау нәтижелерінің қорытындысы негізінде жеңімпаздарға номинация беру туралы шешім қабылдайды. Чемпионатқа қатысушылар номинациялармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

7. ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін «BABY SKILLS» чемпионатының бағалау критерийлері

№	Балдық жүйе	Критерий	Қойылған балдар	Ескерулер
1 Модуль «Жас құрылысшы»	3 балл	Lego-Конструкторлармен еркін жұмыс істей алады, уақытынан ерте аяқтады, құрылысы үйдің бейнесіне, формасына сәйкес келеді		
	2 балл	Lego-Конструкторлармен жұмыс жасай алады, берілген уақытта үлгерді, үйдің формасы сақталған		
	1 балл	Lego-Конструктормен жұмыс жасауда көмекті қажет етті, уақытында үлгермеді, үйдің формасы толық сақталмаған		
2 Модуль «Кішкентай аспаз»	3 балл	Ас мәзірін дайындау, әрлеу деңгейі жоғары, қауіпсіздік ережесі толық сақталған, жұмыс орны ретке келтірілген		
	2 балл	Ас мәзірін дайындау, әрлеу деңгейі орташа, қауіпсіздік ережесі сақталған, жұмыс орны ретке толық келтірілмеген		
	1 балл	Ас мәзірін дайындау, әрлеу		

		деңгейі ортадан төмен, қауіпсіздік ережесі жартылай сақталған, жұмыс орны ретке келтірілмеген		
3 Модуль «Нағыз өнер-қолөнер»	3 балл	Тұзды қамырмен толық жұмыс жасай алады, бастыру әдісін дұрыс орындай алды, әрлеу құралдарын толық қолданды		
	2 балл	Тұзды қамырмен жұмыс жасай алады, бастыру әдісін орындай алды, әрлеу құралдарын толық қолданбады		
	1 балл	Тұзды қамырмен жұмыс жасауда қиындықтар болды, бастыру әдісін орындауда қателер бар, әрлеу құралдарын қолданбады.		
4 Модуль «Мамандықтың бәрі жақсы»	3 балл	Карточка бойынша мамандық құралдарын берілген уақытта толық іріктей алды, мамандық бойынша еркін әңгімелей алады		
	2 балл	Карточка бойынша мамандық құралдарын берілген уақытта толық іріктей алмады, мамандық бойынша қысқаша әңгімелей алады		
	1 балл	Карточка бойынша мамандық құралдарын берілген уақытта іріктей алмады, мамандық бойынша әңгімелеп беруде қателер болды		
		Барлығы		

8. ЖАЛПЫ СҰРАҚТАР

8.1 Барлық сұрақтар бойынша чемпионатты ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады: Екібастұз қ. Мәшһүр-Жүсіп көшесі, 23. тел.факс (8-7187) 75-44-74

8.2 Үйлестіруші: Хамитова Лейла Есмагамбетовна– «Инновациялық Еуразия университетінің Екібастұз колледжі» ЖШС директордың өндірістік оқыту бойынша орынбасары, ұялы телефон/WhatsApp 87020477211, 87057078386.

Қосымша 1

Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін «BABY SKILLS» чемпионатына өтінім беру үлгісі

1.	Ұйымның (балабақшаның) толық атауы	
2.	Қатысушының аты-жөні (толық, құжат бойынша)	
3.	Жасы	
4.	Педагогтың (ата-ана) аты-жөні	
5.	Байланыс құралы (телефон номері)	